

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің «Құрман орта мектебі» КММ**

---

030906, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Көптоғай ауылы, Мектеп көшесі, 4 үй.  
030906, Актюбинская область, Уилский район, село Коптогай, ул. Мектеп, дом 4

№ 21

2024 жылғы « 26 » тамыз  
Коптоғай ауылы

« 26 » август 2024 год  
село Коптогай

Құрман орта мектебі бойынша  
2024-2025 оқу жылының басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығы және Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024 жылғы 8 тамыздағы №386, Ойыл аудандық білім бөлімінің 2024 жылғы 22 тамыздағы №439 бұйрығы негізінде орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық шараларды қабылдау мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу процесін ұйымдастыруда «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы», «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаттары басшылыққа алынсын.
2. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығы негізінде барлық білім беру ұйымдарында жаңа 2024-2025 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін Құрман орта мектебінде қажетті барлық шаралар қабылдансын.
3. Мектепте оқушылар мен педагогтардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қатаң бақылауға алынсын.
4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.
5. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігімен айқындалған оқу мерзімдері туралы білім беру ұйымдарына, ата-аналар назарына жеткізілсін:  
5.1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан

Құрман орта мектебінде 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталу мерзімдері:

2024 жылғы 1 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11(12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

- 1 – тоқсан -8 оқу аптасы, күзгі демалыс –күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда );
- 2- тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап -2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);
- 3-тоқсан -10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);
- 4-тоқсан -8 оқу аптасы
- 1 сыныптарда: қосымша демалыс - күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда)
6. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

7.Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта,жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚРБҒМ 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығы негізге алынсын.

8.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау оқу ісі орынбасары М.Нурмағанбетоваға жүктелсін

Мектеп директоры  Н.Таушанова

